

## Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 705 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 7 ақпанда № 14768 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі № 343 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 01.04.2020 № 343 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Занының 50-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 21.04.2017 № 265 бұйрығымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2) "Уақытша әкімшіні, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушыларды есепке алу, оңалтуды және банкроттықты басқарушыларды тағайындау және шеттету қағидаларын, сондай-ақ уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылардың біліктілігін арттыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 28 сәуірдегі № 189 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9478 тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 2 шілдеде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Уақытша әкімшіні, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушыларды есепке алу, оңалтуды және банкроттықты басқарушыларды тағайындау және шеттету қағидаларында:

3, 4, 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Уақытша әкімшіні, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушыларды есепке алу (бұдан әрі – Есепке алу) әкімші қызметін жүзеге

асыруға құқығы бар адамдар хабарламаларының тізіліміндегі адамдарды әкімші кандидатурасын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай есепке алу үшін енгізіледі.

4. Уәкілетті орган Есепке алуды уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылатын, осы Қағидаларға қосымшасына сәйкес нысан бойынша хабарламалары әкімші қызметін жүзеге асыруға құқығы бар адамдар хабарламаларының тізіліміне енгізілгендердің Бірыңғай тізілімін (бұдан әрі – Бірыңғай тізілім) жүргізу жолымен жүзеге асырылады.

5. Хабарламасы әкімші қызметін жүзеге асыруға құқығы бар адамдар тізіліміне енгізілгені және (немесе) тізілімнен алып тасталғаны туралы мәліметтер Бірыңғай тізілімге қызметінің басталғаны туралы хабарламаны берген және (немесе) әкімші қызметін жүзеге асыруға құқығы бар адамдар тізілімінен алып тасталған күннен кейінгі күні енгізіледі. Әкімшілер қызметінің нәтижелері туралы мәліметтер Бірыңғай тізілімге тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей енгізіледі.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Заңның 12 бабының 10-тармағымен көзделген жағдайларда уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің бұйрығымен оналтуды және банкроттықты басқарушылар өздерінің өкілеттіктерін орындаудан:

1) әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар адамдар хабарламаларының тізілімінен алып тасталғаны туралы хабарламаны алған;

2) әкімшіден арыз түскен;

3) кредиторлар жиналысының хаттамасы түскен;

4) тексеру актісі шығарылған күннен бастап екі күні ішінде шеттетіледі.";

көрсетілген қағидалардың Әкімшінің қызметін жүзеге асыру мақсатында уәкілетті органда тіркелген адамдардың бірыңғай тізілімі, осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Уақытша әкімшінің, оналтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылардың біліктілігін арттыру қағидаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Уақытша әкімші, оналтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылар өзінің біліктілігін уәкілетті орган бекітілген Уақытша әкімшіні, оналтуды, уақытша және банкроттықты басқарушыларды есепке алу, оналтуды және банкроттықты басқарушыларды тағайындау және шеттету қағидаларына сәйкес әкімші қызметін жүзеге асыруға құқығы бар адамдар хабарламаларының тізіліміне енгізілгендердің бірыңғай тізіліміне деректер енгізілген күнінен бастап әрбір үш жыл сайын арттырып отырады".

**Ескерту. 1-тармақта өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 21.04.2017 № 265 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (Теңгебаев А.М.) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күннен бастап құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпараттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін баспа баслымдарына ресми жариялауға жіберілуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі*

*Б. Сұлтанов*

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2016 жылғы 30 желтоқсандағы  
№ 705 бұйрығына  
1-қосымша

**Ескерту. Құші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 21.04.2017 № 265 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2016 жылғы 30 желтоқсандағы  
№ 705 бұйрығына  
2-қосымша  
Уақытша әкімшіні, оңалтуды,  
уақытша және банкроттықты  
басқарушыларды  
есепке алу, оңалтуды және  
банкроттықты басқарушыларды  
тагайындау және шеттету  
қағидаларына  
қосымша  
Нысан

## **Хабарламалары әкімші қызметін жүзеге асыруға құқығы бар адамдар хабарламаларының тізіліміне енгізілгендердің бірыңғай тізілімі**

№	Әкімшінің аты, тегі, әкесінің аты (бар болса)	Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН )	Әкімші қызметін жүзеге асыруға құқығы бар адамдар хабарламаларының тізіліміне енгізілген күні	Әкімші ретінде жұмыс тәжирибесі		Ағымдағы жылы оқалтушы рәсімдері жүзеге асырылып жатқан борышкерлердің негізгі қызмет түрі	Ағымдағы жылы оқалтушы рәсімдері аяқталған борышкерлердің саны	Ағы жыл аяқт оај рәсі нәти мақс к о жетк жетк
				Жұмыс өтілі (жыл)	Оқалту және банкроттық рәсімі аяқталған борышкерлердің негізгі қызмет түрі			
1	2	3	4	5	6	7	8	9

**кестенің жалғасы**

Ағымдағы жылы банкроттық рәсімдері жүзеге асырылып жатқан борышкерлердің саны	Ағымдағы жылы банкроттық рәсімдері аяқталған борышкерлердің саны	Ағымдағы жылы аяқталған банкроттық рәсімдердің нәтижесі			
		Кредиторлардың мәлімдеген талаптарының сомасы (мың тенге)	Кредиторлардың өтелген талаптарының сомасы (мың тенге)	Кредиторлардың өтелген талаптарының пайзы	банкроттық рәсімдерін өткізу мерзімі (жыл)
10	11	12	13	14	15
					16

**кестенің жалғасы**

Ағымдағы жылы, тексеру және камералдық бақылау нәтижесі, оның ішінде шағымдар бойынша оқалту және банкроттық рәсімдер барысында жіберілген бұзушылықтар	анықталған бұзушылықтар бойынша әкімшіні әкімшілік жауапкершілікке тартқаны туралы мәліметтер	біліктілігін арттыру туралы деректер
19	20	21